

Мирзаева Мухлиса Бахтиярқызы

*Silkway Халықаралық университеті Педагогикалық факультетінің 2 курс
магистранты, ғылыми жетекшісі – п.ғ.к., доцент м.а. Исманова Р.Ж.
Шымкент, Қазақстан*

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ АҚПАРАТТЫҚ БІЛІКТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Болашақ мұғалімдердің білім беру үдерісінде ақпараттық біліктілігін қалыптастыруда ерекше мәнге ие. Білім беруді ақпараттандыру жағдайында компьютер оқыту мен дидактикалық құралға айналып отыр. Олай болса, бұл мәселелерді жан – жақты шешу үшін мұғалімдердің біліктілігін көтерудің орны ерекше. Білім беруді ақпараттандыру процесі педагогтың дайындық деңгейі мен мамандық сапасына үлкен талап қояды.

Заманауи білім беру әлемнің жетекші мемлекеттерінің бәсекеге қабілетті талаптарына және инновациялық даму моделінің стратегиялық дамыту бағытына сәйкес құрылуы қажет. Бұл жағдай әлемдік білім беру кеңістігінде жан-жақты интеграциялық білімге құмар, күнделікті өзгерістерге тез бейімделетін, өз бетімен креативті іс-әрекеттер жасай алатын, әлеуетті, зияткер ұлтты қалыптастыруды талап етіп отыр. Өмірдің барлық саласында белсенді шығармашылық іс-әрекетке қабілетті, еркін тұлға тәрбиелеу - қазіргі қоғам алдындағы мақсат. Енді болашақ мамандардан аса көлемді ақпаратты игеру емес, оны нақты өмірде қолдана білу талап етіледі.

Бүгінгі таңда адамзаттың жоғары индустриалды және ақпаратты қоғамға қарқынды түрде өтуіне байланысты өркениеттің бет-бейнесі тұтастай өзгеруде. Елдің өркендеуі жоғары білім беру жүйесін, оның мазмұны мен құрылымын жаңартуға сүйенеді, сондықтан да қазіргі кезеңде болашақ мұғалімдерге кәсіби білім мен тәрбие беру ісі түйінді мәселеге айналып, ерекше мәнге ие болып отыр. Қазақстан Республикасы жоғары білім беру мемлекеттік стандарттарының тұжырымдамасында: «Жоғары оқу орындарын бітірушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар түрінде белгіленген қоғамымыздың жаңа әлеуметтік тапсырыстары, өз кезегінде оқыту бағдарламаларын өзгертуді

сондай-ақ, студенттердің алатын білім сапасын көтеріп, бүгінгі күнге сай кәсіптік дағдыларды игеруге бағытталған оқытудың жаңа технологияларын енгізуді көздейді», – деп көрсетілген.

Кейбір ақпараттандыру құралдары, электрондық анықтамалықтар, энциклопедиялар, Интернет–порталдар беретін ақпараттың орасан зор көлемі де оқу үдерісінде назарды алаңдаттыруы мүмкін. XXI–ғасыр ақпараттық қоғамда және өндірістің дамуының негізгі құралы болып ақпараттық ресурстардың қажеттілігі көрінеді. Сондықтан білім беру әлемі де өзінің дамуы үшін жаңа қадамдар жасауда. Осыған байланысты адамға ақпараттар кеңістігінде дұрыс бағытты таңдауға мүмкіндік жасай алатын оқытуда жаңа технологиялардың пайда болуы күмәнсіз. Соңғы жылдары білім беру аясы жүйесінде компьютерлік техниканы пайдалану белсенді кезең ретінде қарастырылуда. Білім беру жүйесін ақпараттандыру үрдісі ақпараттық қоғам жағдайында толыққанды өмірге адамды даярлау болып табылады.

«Ақпараттандыру» ұғымының біршама кеңірек анықтамасын академик А. П. Ершов өз жариялымдарында берді. Ол, «ақпараттандыру – адамзат қызметінің барлық қоғамдық елеулі түрлеріндегі шынайы, жеткілікті және уақтылы білімді толық пайдалануды қамтамасыз етуге бағытталған шаралар кешені» деп жазды. Оның үстіне А. П. Ершов ақпарат «қоғамның табысты даму қабылеттілігіне көп жағынан алғы шарт жасайтын, тұтас алғанда, оның стратегиялық ресурсы» болып табылатындығын атап өтті.

Білімді ақпараттандырудың тағы бір бағыты білімді ақпараттандыру технологиялары мен құралдарын жасау мен қолдану бойынша білікті мамандар дайындау болып табылады. Білімді ақпараттандырудың екі негізгі мақсаты бар. Біріншісі – білім қызметінің барлық түрлерінің тиімділігін арттыру.

Ал екіншісі – ақпараттық қоғамда адамды өмірге қатыстырудан, ақпараттық технологияларды кәсіби қызмет пен күнделікті өмірге пайдаланудан тұратын білімді ақпараттандыру. Кез келген педагогикалық технология–ақпараттық технология болып табылады. Оқу–тәрбие үрдісінде білім беруді ақпараттандыру үшін ақпараттық технологияға көшу қажет.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологиясы мен инновациялық әдіс–тәсілдерді енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу», – деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту. Аталған міндеттерді жүзеге асыру үшін оқытудың заманауи технологияларын енгізу арқылы және оларды тиімді пайдалану секілді мәселелерді анықтап алу, білім беру жүйесіндегі басты ұстаным ретінде әркімнің өзінің білім алуға деген жеке әлеуетін қоғамда барынша пайдалануға көмектесетін оқыту жүйесін дамытуды қамтамасыз ету.

Қазақстанда білім беруді жаңғырту – бүгінгі заманның талабы. Қазіргі таңда жаңа технологиялармен оқыту жүйелі түрде жолға қойылып келеді. Еліміздегі білім беру жүйесін жетілдірудің басты мақсаты –еліміздегі білімнің сапасын және бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады. Бұл мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттер қойылуда.

Қорыта келе, қазіргі талаптың басты міндеті – педагог мамандардың кәсіби құзырлығын қалыптастыру мен біліктілігін үздіксіз арттыруды, ғылыми–әдістемелік қызметтің жаңашылдығы, түрлері мен әдістерін іздестіруді қамтамасыз ету, оны үйлестіру. Сондықтан қазіргі заманауи білім беруде әр оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуда. Өйткені, мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Краевский В.В. Методология педагогического исследования как часть профессиональной подготовки в условиях становления и развития целостной системы непрерывного образования // Тезисы докл. XII сессии Всесоюз. методол. семинара. – М., 1988. – С. 40–44.